КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 31 шілде №7119-23-00-2/7786 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Bek Group» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Bek Group» Жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Bek Group» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Bek Group» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 703,2 (жеті жүз үш) теңге 2 тиын тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Bek Group» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 31.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Абенова А. Ч., 07.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 31.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Абенова А. Ч., 07.09.2023

7119-23-3-1/7491